

Ломбардтар құру, қызметін лицензиялау, реттеу және тоқтату ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 2 қыркүйек N 332. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 28 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1786. Күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 43 (V042765) қаулысымен.

Ломбард қызметінің рыногын одан әрі дамытуды ынталандыру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ломбард қызметін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ломбардтар құру, қызметін лицензиялау, реттеу және тоқтату ережесі бекітілсін және Ереже мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Ломбардтар құру, қызметін лицензиялау, реттеу және тоқтату ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап жеті күндік мерзімде осы қаулыны және Ломбардтар құру, қызметін лицензиялау, реттеу және тоқтату ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары осы қаулыны және Ломбардтар құру, қызметін лицензиялау, реттеу және тоқтату туралы ережені алған күннен бастап үш күндік мерзімде ломбардтарға жіберсін.

4. Осы қаулы және Ломбардтар құру, қызметін лицензиялау, реттеу және тоқтату ережесі күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Ломбардтар туралы ережені бекіту жөнінде" 1997 жылғы 29 тамыздағы N 314 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Ломбардтар осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап алты айдың ішінде өз қызметін Ломбардтар құру, қызметін лицензиялау, реттеу және тоқтату ережесінің талаптарына сәйкес келтіруге міндетті.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасы Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к і

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Ломбардтар құру, қызметін
лицензиялау, реттеу және
тоқтату ережесін бекіту
т у р а л ы "
2001 жылғы 5 қыркүйектегі
N 332 қаулысымен
бекітілген

ЛОМБАРДТАР ҚҰРУ, ҚЫЗМЕТІН ЛИЦЕНЗИЯЛАУ, РЕТТЕУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ЕРЕЖЕСІ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктер туралы" Заң күші бар Жарлығына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілеріне сәйкес әзірленген және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың бір түрі ретіндегі ломбардтарды құру, қызметін лицензиялау, реттеу және тоқтату тәртібін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Ломбард - банк болып саналмайтын заңды тұлға (коммерциялық ұйым), ол Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде (бұдан әрі - лицензия) банктік және басқа операциялардың мынадай түрлерін жүргізуге қ ұ қ ы л ы :

1) ломбард операциялары: депозитке салынатын тез өтетін бағалы қағаздар мен жылжымалы мүлікке кепілдікке қысқа мерзімді кредиттер беру;

2) сейф операциялары: клиенттердің құжаттама нысанында шығарылған бағалы қағаздарын, құжаттары мен құндылықтарын сақтау, оған қоса сейф жәшіктерін, шкафтар мен бөлмелерді жалға беру жөнінде қызмет көрсету;

3) лизинг қызметін жүзеге асыру;

4) құрамында қымбат металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есебін жүргізу, сақтау және сату. <*>

Ескерту: 1-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 277 қаулысымен .

2. Ломбард өз қызметін шаруашылық серіктестіктер нысанда құра алады және жүзеге асырады.

3. Ломбардтардың жарғылық капиталының ең аз мөлшері олардың ұйымдық-құқықтық нысанына байланысты Қазақстан Республикасының тиісті заң актілерінде белгіленеді.

4. Өкілдік, атқарушы және сот билігі органдарын және жарғылық капиталының елу процентінен астамы мемлекетке тиесілі ұйымдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденттері мен резиденті емес жеке және/немесе заңды тұлғалары ломбардтың құрылтайшылары мен қатысушылары бола алады.

2-тарау. Ломбард ашу

5. Ломбард өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жарғы (жалғыз құрылтайшысы болса) не құрылтай шарты мен жарғы (құрылтайшылардың саны біреуден артық болса), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) берген лицензия негізінде жүзеге асырады.

Құрылтай құжаттары, оның ішінде оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Ұлттық Банкпен міндетті түрде алдын ала келісілуге тиіс.

6. Ломбардты мемлекеттік тіркеу Ұлттық Банктің ломбард ашуға берген рұқсаты негізінде жүзеге асырылады (N 1 қосымша).

7. Ломбард ашуға рұқсат беру туралы шешімді Ұлттық Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды. Ломбард ашуға лицензия, рұқсат берілген жағдайда, Ұлттық Банк ломбард ашуға берілген, қайтарып алынған және қайтарылған рұқсаттардың есебін жүргізіп отырады.

8. Ломбард ашуға рұқсат алу үшін өтініш беруші Ұлттық Банкке мынадай құжаттар ұсынуға тиіс:

- 1) ломбард ашуға рұқсат беру туралы өтініш;
- 2) құрылатын ломбардтың әрқайсысы үш данадан жасалған нотариат куәландырған құрылтай құжаттары: құрылтай шарты (егер бар болса) және мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі жарғы;
- 3) құрылатын ломбардтың жарғысын бекіту және органдарын тағайындау (сайлау) туралы құрылтайшылар жиналысының (құрылтайшының) шешімі;
- 4) құрылтайшы заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктерінің және құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелері;

5) екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлерін келісу тәртібін және шарттарын реттейтін нормативтік құқықтық актіде көзделген нысандар бойынша жасалған ломбардтың басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) ұсынылатын адамдар туралы деректер;

6) < * >

7) Қазақстан Республикасының банк заңдарының талаптарына сәйкес әзірленген операциялар жүргізудің жалпы шарттары мен ломбардтың ішкі ережелері және осы ереже; < * >

8) < * >

9) өтініш берушінің құрылтайшылар атынан өтініш беруге өкілеттігін растайтын нотариат арқылы не басқаша түрде куәландырылған сенімхат;

1 0) < * >

Ескерту: 8-тармақ толықтырылды, өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 277 қаулысымен .

9. Ұлттық Банк ломбард ашуға берілген өтінішті құжаттар толық берілген күннен бастап бір ай ішінде қарайды.

Өтініш беруші осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық бермеген жағдайда, Ұлттық Банк қажетті құжаттардың өткізілуін талап етеді не барлық құжаттарды өтініш берушіге қарамай қайтарады. Көрсетілген кемшіліктер жойылғаннан кейін заңды және/немесе жеке тұлғалар ломбард ашуға рұқсат алу туралы Ұлттық Банкке қайтадан өтініш беруге құқылы.

Қайта ұсынылған құжаттарды қарау мерзімі олар Ұлттық Банкке түскен кезден бастап есептеледі.

10. Құрылтайшылар ломбардты мемлекеттік тіркеу үшін ломбард ашуға Ұлттық Банктің рұқсатын алған күннен бастап бір айдан кешіктірмей әділет органдарына өтініш беруге міндетті.

11. Мынадай негіздердің кез келгені бойынша:

1) ломбардтың құрылтай құжаттары қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келмесе;

2) ломбардтың басшы қызметкерлерінің лауазымына кандидаттардың банк заңдарының талаптарына сәйкес келмесе ломбард ашуға рұқсат беруден бас тартылады .

12. Ұлттық Банк қабылданған шешім туралы өтініш берушіге жазбаша хабарлайды. Хабарлама құрылтайшылар атынан өтініш беруге уәкілетті адамның өтініште көрсетілген мекен-жайына жіберіледі.

13. Ұлттық Банк мынадай негіздердің кез келгені бойынша:

1) заңды тұлға ломбард ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жылдың ішінде соның негізінде рұқсат берілген мәліметтердің дұрыс емес екендігі анықталғанда ;

2) заңды тұлға ломбард ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш айдың ішінде банктік операциялар жүргізуге лицензия алмаса;

3) < * >

Ескерту: 13-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

2002 жылғы 1 тамыздағы N 277 қаулысымен .

14. Ломбард ашуға берілген рұқсатты қайтарып алу туралы шешімді Ұлттық Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды.

3-тарау. Ломбардқа лицензия беру тәртібі

15. Ломбард банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензия алу үшін (N 2 қосымша) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 2-тармағындағы талаптарды орындауға тиіс.

16. Ломбард лицензия алу үшін ломбард ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәлікті алған күннен бастап бір айлық мерзімде Ұлттық Банкке "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көзделген құжаттарды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 2-тармағындағы талаптарды орындағанын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

17. Ұлттық Банк барлық құжаттарды алғаннан кейін ломбард үй-жайының Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген барлық талаптарға сәйкес келуін тексереді.

Мұндайда ломбард қызметін жүзеге асыруға арналған үй-жай оның меншігінде болуы не кемінде екі жылға жалға алынған болуы керек.

Ескерту: 17-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 277 қаулысымен .

18. Банк операцияларын жүргізуге лицензия беру туралы өтінішті Ұлттық Банк құжаттар пакеті толық ұсынылған күннен бастап бір айдың ішінде қарауға тиіс.

19. Лицензия беруден бас тарту Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздер бойынша жүргізіледі. <*>

Талап етілген құжаттар пакеті толық берілмеген жағдайда, Ұлттық Банк қажетті құжаттарды талап етуге не барлық құжаттарды қарамай-ақ өтініш берушіге қайтаруға құқылы. Қайтадан берілген құжаттарды қарау мерзімі олардың Ұлттық Банкке түскен кезінен бастап есептеледі.

Лицензия шектеусіз мерзімге беріледі, атаулы болады және үшінші тұлғаларға беруге болмайды. Ломбардқа банк операцияларын жүргізуге лицензия берілгені туралы шешім Ұлттық Банктің ресми басылымдарында жарияланады.

Ескерту: 19-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 277 қаулысымен .

20. Лицензия болмаған кезде жасалған ломбардтың мәмілелері жарамсыз деп танылады.

Лицензия берілгені үшін мөлшері және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген алым алынады.

Лицензия жоғалған жағдайда ломбард оның көшірмесін алуға құқылы. Ұлттық Банк ломбардтың жазбаша өтініші негізінде оны алған кезден бастап он күн ішінде лицензияның дубликатын береді. Ломбардқа лицензия дубликатының берілгені үшін лицензиялық алымның мөлшері Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында белгіленеді.

21. Банктік және басқа да операцияларды жүргізуге арналған лицензияның тиісті түрде расталған көшірмесі ломбард клиенттеріне көрінетін жерге орналастырылуға тиіс.

22. Лицензия берілген кезде ломбард ашу рұқсаты Ұлттық Банкке қайтарылады.

22-1. Ломбард лицензияны жоғалтқан жағдайда дубликат алуға құқылы. Ұлттық Банк ломбардтың жазбаша өтініші бойынша он күнтізбелік күн ішінде лицензияның дубликатын береді.

Ұлттық Банк ломбардқа лицензияны оның жазбаша өтініші және лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың негізінде, барлық құжаттар алынған кезден бастап он жұмыс күні ішінде қайта ресімдейді.

Лицензияны қайта ресімдеуді бұрынғы берілген лицензияны Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздер бойынша айырбастау деп түсіну керек. < * >

Ескерту: 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 277 қаулысымен.

4-тарау. Ломбардтардың филиалдар ашу тәртібі және филиалдың техникалық даярлығына қойылатын талаптар

23. Ломбардтың филиалдары Ұлттық Банктің келісімімен ғана ашылады.

24. Филиал - заңды тұлға болып табылмайтын, ломбардтың тұрған орнынан тыс жерде орналасқан, ломбардтың атынан банк операцияларының жекелеген түрлерін және басқа да операцияларды жүзеге асыратын және ломбард берген өкілеттіктер шегінде іс-әрекет жасайтын ломбардтың құрылымдық бөлімшесі. Ломбард өз филиалының міндеттемелері бойынша толық жауап береді.

25. Филиалдың ломбардпен бірге бірыңғай балансы болады және атауы ломбардтың атауымен, сондай-ақ ломбардтың тиісті ережелері негізінде және шеңберінде әзірленген оған Ұлттық Банк берген тіркеу номерімен толық сәйкес келеді. Ұлттық Банктің жазбаша келісімі болған жағдайда филиал ломбардтың уәкілетті органы бекіткен Ереже және оның бірінші басшысына берілген сенімхат, сондай-ақ ломбардтың тиісті ережелері негізінде және шеңберінде әзірленген Филиалдың операциялар жүргізуінің жалпы шарттары туралы ереже негізінде іс-әрекет жасайды. Филиалдың банктерде немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда банктік

есепшоттар ашуға құқығы жоқ. <*>

Ескерту: 25-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 277 қаулысымен .

26. Ломбардтардың филиалдары міндетті түрде:

1) Ұлттық Банктің екінші деңгейдегі банктерге қойылатын нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес үй-жайларды техникалық жағынан нығайту, сонымен бірге оны бірге күзет, өрт және дабыл беру құралдарымен жабдықтау жөнінде қажетті іс-шараларды орындауға;

2) тиісті білікті қызметкерлерді іріктеуге тиіс.

27. Филиалдың басшы қызметкерлері банк заңдарында белгіленген талаптарға сай болуға тиіс.

28. Ломбард филиал ашу үшін Ұлттық Банкке:

1) филиал ашуға келісім беру туралы өтінішті;

2) ломбардтың уәкілетті (Жарғыға сәйкес) органының ломбард филиалын ашу туралы шешімін;

3) нотариат куәландырған Филиал туралы ережені;

4) филиалдың қызметін жүзеге асыру үшін кемінде екі жыл мерзімге үй-жайды жалға алу туралы шарттың нотариат куәландырған көшірмесін не ломбардтың осы үй-жайға меншік құқығын растайтын құжатты;

5) екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлерін келісу тәртібін және талаптарын реттейтін Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген нысандар бойынша жасалған ломбард филиалының басшы қызметкерлерінің лауазымдарына тағайындауға (сайлауға) ұсынылатын адамдар туралы деректерді береді.

29. Ломбардтың филиалы туралы ережені ломбардтың уәкілетті органы бекітеді, ломбардтың бірінші басшысы қол қояды, ломбардтың мөрімен бекітіледі. Ломбардтың филиалы туралы ереже қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келуі керек және онда мыналар болуға тиіс:

1) филиалды құрған ломбардтың атауы және мекен-жайы;

2) атауы (немесе рет нөмірі) және филиалдың мекен-жайы;

3) ломбардтың филиалын ашу туралы ломбардтың уәкілетті органының шешім қабылдаған күні;

4) филиалдың құрылу мақсаты және өкілеттіктері;

5) филиал қызметінің мерзімі;

6) ломбард берген сенімхат негізінде филиал жүргізуге уәкілетті банк операцияларының тізбесі;

7) филиалды басқару тәртібі;

8) филиалды жабу тәртібі.

30. Ұлттық Банк барлық құжаттарды алғаннан кейін филиал үй-жайының Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген барлық талаптарына сай келуін тексереді.

31. Ломбардтың филиалын ашуға келісім беру туралы мәселені Ұлттық Банк осы Ережеге сәйкес барлық құжаттар толық берілген күннен бастап бір айлық мерзімде қарауға тиіс.

Ломбардтың филиал ашуына келісім беру туралы мәселесі жөніндегі шешімді банктік қадағалау бөлімшесіне жетекшілік ететін Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары қабылдайды. <*>

Ескерту: 31-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 277 қаулысымен.

32. Ломбард филиал ашу келісімін алған күннен бастап үш ай ішінде оны әділет органдарында есептік тіркеуден өткізуге және екі апталық мерзімде Ұлттық Банкке ломбард филиалының есептік тіркеуден өткізілгені туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесін беруге міндетті.

5-Тарау. Ломбардтардың қызметін ұйымдастыру және реттеу

33. Ломбардтың басшы қызметкерлері екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлерін келісу тәртібімен шарттарын реттейтін нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен Ұлттық Банкпен міндетті түрде келісуге тиіс.

Ломбардтың бірінші басшысы, бас бухгалтері, сондай-ақ ломбард филиалының бірінші басшысы және бас бухгалтері ломбардтың басшы қызметкерлері болып танылады.

Ломбардтың басшы қызметкерлері, сондай-ақ Ломбардтың басшы қызметкерлері лауазымына тағайындауға (сайлауға) ұсынылған үміткерлер банк заңдарында белгіленген талаптарға сай болуы тиіс.

Ломбардтың басшы қызметкерлері қайта сайланған жағдайда, ломбардтың уәкілетті органының тиісті шешімі қабылданғаннан кейін бір ай ішінде осы Ереженің 9-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген құжаттар Ұлттық Банкке міндетті түрде берілуге тиіс.

34. Ломбардтар өз қызметін Операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ереже мен ішкі ережелері болғанда ғана жүзеге асыруға құқылы.

35. Операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ережені ломбардтың жоғары органы бекітуге тиіс және онда мынадай мәліметтер мен рәсімдер болады:

- 1) берілетін кредиттердің шекті сомасы және мерзімі;
- 2) берілетін кредиттер бойынша сыйақы ставкаларының шекті мөлшері;
- 3) кредиттер бойынша сыйақы алу шарттары;
- 4) ломбард қамтамасыз етуге қабылдайтын талаптар;

5) көрсетілетін қызмет үшін ставкалар және тарифтер;
6) ломбардтың және оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігінің басталу жағдайлары;

7) кепіл билетін жоғалтқан жағдайда кепіл берушіге оның дубликатын берет ә р т і б і ;

8) ломбардтың жоғары органы операциялар жүргізудің жалпы талаптарына қосылуға тиіс деп санайтын өзге де жағдайлар, талаптар және шектеулер.

36. Операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ережеде ломбард жүзеге асыратын барлық банктік және басқа операциялар жөнінде мәліметтер мен іс жүргізу рәсімдері болуға тиіс.

37. Операциялар жүргізудің жалпы талаптары ашық ақпарат болып табылады және коммерциялық немесе банктік құпияның мәні бола алмайды. Ломбардтар операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ереже ломбардтың клиенттеріне көрінетін жерге орналастырылуы тиіс.

38. Ломбардтың уәкілетті органы ломбардтың ішкі ережелерін бекітеді және:

1) ломбард бөлімшелерінің құрылымын, міндеттерін, функциясын және өкілеттігін (егер болса);

2) ішкі аудит қызметінің, кредиттік комитетінің және басқа тұрақты жұмыс істейтін органдардың функциясын және өкілеттігін;

3) құрылымдық бөлімше басшыларының құқықтары мен міндеттерін;

4) ломбардтың атынан және есебінен мәмілелерді жүзеге асыру кезінде оның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің өкілеттіктерін белгілейді.

39. Азаматтардан жылжымалы мүлікті кепілге қабылдау заттарды ломбардқа кепілге қабылдау туралы шарттың негізінде жүзеге асырылады, ол Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарының талаптарына сай ресімделеді. Кепіл заттары туралы шарт ломбардтың кепіл билетін беруі арқылы ломбардта ресімделеді (N 3 қосымша). Ломбард кепілге берілген заттарды пайдалануға және иелік етуге құқылы емес. Ломбардтар кепілге қабылдаған затты өз есебінен кепіл берушінің пайдасына азаматтық заңдардың талаптарына сәйкес сақтандыруға міндетті. *(РҚАО-ның сілтемесі: 5-бапты қараңыз.)*

40. Ломбардтар өздері жүргізетін операциялардың есебін шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін белгіленіп бекітілген бухгалтерлік есептің стандарттарына сәйкес жүзеге асырады. Ломбардтың бухгалтерлік есебінің саясатын оның жоғарғы басқару органы белгілейді. Бухгалтерлік және басқа есептің тізбесі мен нысандары қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленеді.

41. Ломбардтар бухгалтерлік есепте және есеп жасауда пайдаланылатын құжаттарды қатаң есепке алуды және сақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ күмәнді борыштардың орнын жабу үшін бухгалтерлік есептің стандарттарына сәйкес резервтер қалыптастыруға міндетті.

42. Ломбардтардың қаржылық және басқа да есебіне қойылатын талаптар Ұлттық Банктің жекелеген нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

43. Ломбард операциялар жүргізудің шарттарын, осы Ереженің талаптарын және Ұлттық Банктің басқа да нормативтік құқықтық актілерін бұзған кезде, оған мынадай санкциялар қолданылуы мүмкін:

1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген негіздемелер бойынша айыппұл салу және өндіріп алу;

2) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабында белгіленген негіздер бойынша лицензияның қолданылуын тоқтату не қайтарып алу.

Ұлттық Банк құқық бұзу сипатына қарай банк операцияларының бәрін не жекелеген түрлерін жүргізуге берілген лицензияның қолданылуын тоқтатады не қайтарып алады. Лицензияны қайтарып алу ломбардты қайта тіркеуге немесе қызметін тоқтатуға негіз болып табылады;

3) ломбардтың аталған басшы қызметкерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекеттерін қолданылып жүрген заңдарға сай емес деп тану үшін жеткілікті деректердің негізінде ломбардтың тиісті органы осы мәселені қарағанға дейін ломбардтың басшы қызметкерлерін қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету.

44. Ұлттық Банк ломбардтың қызметіне заң талаптарына сәйкес инспекция жүргізуге құқылы. Ломбардтар Ұлттық Банктің тексеруге берілген тапсырмасында көрсетілген мәселелер бойынша инспекциялауды жүргізетін органға жәрдемдесуге, сондай-ақ кез келген лауазымды адамдар мен қызметкерлерден сұрау және ақпаратты тексеруді орындауға қажетті кез келген ақпарат көздеріне қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Инспекциялауды жүзеге асыратын адамдар ломбардтардың қызметін тексеру барысында алынған және коммерциялық, банк құпиясы бар мәліметтерді жария еткені үшін жауап береді.

6-тарау. Қорытынды ережелер

45. Ломбард Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген тәртіппен қайта құрылады және таратылады.

4 6 . Л о м б а р д :

1) Ұлттық Банктің рұқсаты болған жағдайда, оның құрылтайшыларының шешімі бойынша тартылуы (ерікті тарату);

2) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда соттың шешімі бойынша таратылуы мүмкін (еріксіз тарату).

47. Өз міндеттемелері бойынша есеп айырысуға ломбардтың қаражатының жеткілікті болуы ломбардтың Ұлттық Банктен рұқсат алуы үшін міндетті шарт болады.

48. Ломбардты ерікті тарату Қазақстан Республикасының қолданылып

жүрген заңдарының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

49. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес шешіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 5 қыркүйектегі
N 332 қаулысымен бекітілген
Ломбардтар құру, қызметін
лицензиялау, реттеу және
тоқтату ережесіне

N 1 қосымша

**ЛОМБАРД
БЕРІЛГЕН РҰҚСАТ**

А Ш У Ғ А

N _____ " _____ " _____ ж.

(ломбардтың толық атауы)

Мекен-жайы: _____

(индексі, облысы, ауданы, қаласы, көшесі, үй номері)

Аталған ломбард осы рұқсат берілген күннен бастап бір айдың ішінде әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтеді.

_____ теңге сомасындағы жарғылық капиталды толық төлегеннен, ұйымдастыру іс-шаралары мен ломбард үй-жайының банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге дайындығы тексерілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензия беру туралы мәселені қарайды.

Осы рұқсатты ломбард банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензия беру кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қайтарады.

Ұ л т т ы қ Б а н к
Т ө р а ғ а с ы

(Төрағаның орынбасары)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 5 қыркүйектегі
N 332 қаулысымен бекітілген
Ломбардтар құру, қызметін
лицензиялау, реттеу және
тоқтату ережесіне

N 2 қосымша

**БАНК
ТҮРЛЕРІН
ЛИЦЕНЗИЯ**

**ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ
ЖҮРГІЗУГЕ**

**ЖЕКЕЛЕГЕН
БЕРІЛГЕН**

№ _____ Беру күні _____

Мемлекеттік тіркеу күні және номері _____

(ломбардтың толық атауы - мемлекеттік тілде және орыс тілінде)
Осы лицензия банк операцияларының мынадай түрлерін жүргізуге құқық
б е р е д і :

1 .
2 .
3 .
4 .

Осы лицензияның талаптарынан туындайтын құқықтар үшінші тұлғаларға берілмейді. Осы лицензия бір данада беріледі.

Ұ л т т ы қ Б а н к Т ө р а ғ а с ы

(Төрағаның орынбасары)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 1 ж ы л ғ ы 5 қ ы р к ү й е к т е г і
№ 3 3 2 к а у л ы с ы м е н б е к і т і л г е н
Л о м б а р д т а р к ұ р у , қ ы з м е т і н
л и ц е н з и я л а у , р е т т е у ж әне
т о қ т а т у е р е ж е с і н е
№ 3 қосымша

_____ (ломбардтың/филиалдың атауы) _____ (ломбардтың/филиалдың мекен-жайы)
Кепіл билеті №

1. Кепіл берушінің аты-жөні _____
2. Жеке басын куәландырушы құжат деректері _____
3. Тұрақты мекен-жайы _____
(елі, әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыс,

- кала) атаулары, почта индексі, көшесі, телефоны)
4. Кепілдің атауы және сипаттамасы _____
5. Кепілді бағалау сомасы _____
6. Кепіл мерзімі _____
7. Ломбард берген кредит сомасы _____

(санмен және жазумен)

8. Ломбард берген кредитке сыйақы сомасы _____

(санмен және жазумен)

9. Жалпы сомасы _____
(санмен және жазумен)

10. Ломбардтың кредит беру күні _____

11. Ломбард берген кредитті өтеу күні _____

Кепілге қойылған зат ломбардтың иелігіне беріледі.

Ломбардтың кепілге қойылған затты пайдалануға және басқаруға құқығы жоқ.

Ломбард мүлік кепілдігімен қамтамасыз етілген кредитті белгіленген мерзімде өтемеген жағдайда, ломбард осы мүлікті қойылған мүлікті сату үшін белгіленген тәртіппен сатуға құқылы.

Осы кепіл билеті 2 данада жасалған.

Кепіл билетінің талаптарымен таныстым және бір данасын алдым.

Кепіл беруші _____

(қолы)

Қабылдаушы _____

(фамилиясы, қолы)

Ломбардтың мөрі